

Сабақтың тақырыбы:

Сиқырлы қорап



Мақсаты:

*Бұл сабақта оқушы оқиганы болжап үйренеді.
Сурет бойынша адамдардың кім болатынын
болжап айта алады.*

Жаңа сөздер:

Ақырын - осторожно

Басқа - другой

Қорап - коробка

Кілт - ключ

Өзгеше - необычный

1-тапсырма. Дәптерге жаз.

1. Қорапта тұр.
2. Бұл емес, басқасы керек.
3. , қорап құлайды!
4. Мынадан кілт керек

Ойланайық



Талғат



Тілеухан



Санжар



Азамат

1. Кім кітап оқығанды жақсы көреді?
2. Кім футбол ойнағанды жақсы көреді?
3. Кім скейтборд тепкенді жақсы көреді?
4. Кім Азамат пен Санжардың сыныптасы?
5. Тілеухан кімді “Көрші” дейді?

Азамат
Тілеухан
Санжар
Тілеухан

**О
К
Ы**

Тілеухан:

– Ассалаумағалайкүм,
көрші аға! Сізге көмек
керек пе?

Көрші ағай (Талғат):

– Уағалайкүмассалам! Иә,
келе ғой. Көмегің керек.
Анау тұрған көк қорапты
алып келші.

– Сәлем!

– Сәлем!

– Қайдан келесің?

– Үйден кілт алып келемін.

Көрші ағай сұрап жатыр.

– Біз де бірге барайық.

Азамат: Мынау не болды
екен?

Санжар: Пішіні өзгеше.

Азамат: Ашып көрейік.

– Міне, мынау ма?

– Иә, сол.

– Қораптан 25-ші кілтті алып берші.

– Ішінде еш нәрсе жоқ

– Қалай жоқ? Қап, қайда қойдым!

– Мен онда үйге барып келейін.

Әкемнің кілтін әкелемін.

– Мен тағы көмекшілер ер-
тіп келдім.

– Қош келдіңдер! Бос жүр-
сеңдер мына жерді жинау-
ға көмектесе қойыңдар.

– Жақсы.

– Тек заттарды ақырын қоз-
ғаңдар.

Тілеухан: Не болды?


Санжар: Не боп жатыр?

Көрші ағай: Абайла қорапты
ашпаңдар ...

Үй жұмысы

5-тапсырма. Сұрақтарға ауызша жауап бер.

1. Тілеуханның көршісінің аты – кім?
2. Санжар мен Азамат – кімнің достары?
3. Қорапты кім ашты?
4. Әрі қарай оқиға қалай жалғасады? Болжап айт.



Сабак аяқталды.
Сау болыңыздар!